



## БҰЙРЫҚ

2017 жылғы 11 мамыр

Талдықорған қаласы

## ПРИКАЗ

№ 130-НҚ

город Талдықорған

**Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Алматы филиалының Талдықорған өндірістік учаскесі бойынша суды арналар арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тариф бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 484 бұйрығымен бекітілген Уақытша өтемдік тарифті бекіту қағидаларына және Алматы облысы Талдықорған қаласы прокуратурасының 2017 жылғы 5 мамырдағы №2-040107-17-04280 заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы ұсынысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы филиалының Талдықорған өндірістік учаскесінің суды арналар арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тариф осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрілігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Алматы филиалының Талдықорған өндірістік учаскесі бойынша суды арналар арқылы беру қызметіне тариф және тарифтік сметасын оңайлатылған тәртіппен бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2017 жылғы 14 сәуіріндегі №89-НҚ бұйрығының қолданылуы тоқтатылсын.

3. Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрілігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік

кәсіпорынның Алматы филиалының Талдықорған өндірістік учаскесінің назарына жеткізсін.

4.Талдау және ұйымдастыру жұмысы бөлімі осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетіне ұсынсын.

5.Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы филиалының Талдықорған өндірістік учаскесінің суды арналар арқылы беру қызметіне тариф деңгейінің өзгеруі туралы тұтынушыларды белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

6.Осы бұйрықтың орындалуы департамент басшысының орынбасары Г.Шарапиеваға жүктелсін.

7.Осы бұйрық, 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1 – тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Департамент басшысы**



**Т. Галинов**

Приложение № 1  
к приказу Департамента Комитета по  
регулированию естественных  
монополий и защите конкуренции  
Министерства национальной  
экономики Республики Казахстан по  
Алматинской области  
№ 130-ОД от "11" мая 2017 года

Наименование субъекта : Алматинский филиал РГП "Казводхоз"  
"Талдыкорганский производственный участок"

Расчет временного компенсирующего тарифа на услуги подача воды по каналам

<b>Т</b>	действующий тариф	тенге/м <sup>3</sup>	0,492
<b>V</b>	годовой объем регулируемых услуг, учтенный в тарифной смете	тыс.м <sup>3</sup>	40 315 200
<b>П</b>	прибыль, учтенная в утвержденной тарифной смете	тыс.тенге	0,00
<b>А</b>	годовая норма амортизации, учтенная в утвержденной тарифной смете	тыс.тенге	0,00
<b>к</b>	ставка рефинансирования Нацбанка РК на день принятия решения	%	5,50
<b>НД</b>	сумма необоснованно полученного дохода	тыс.тенге	48 840
<b>НДк</b>	сумма необоснованно полученного дохода, с учетом ставки рефинансирования		
	$НДк = НД \times ((100 + к)/100)$	тыс.тенге	51 526,20
<b>Т комп</b>	временный компенсирующий тариф		
	$Т комп = (Т \times V - НДк)/V$	тенге/м <sup>3</sup>	0,491
<b>п</b>	период действия компенсирующего тарифа		
	$п = НДк/((Т - Т комп) \times V)$		1,0

Временный компенсирующий тариф 0,491 тенге/м<sup>3</sup> (без НДС)  
сроком действия на 12 месяцев